

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53	
Силлабус	16 беттің 1 беті	

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖГП 03

Пәні: «Қазақстан тарихы»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» 3,6 ж.

Оқу сағатының кредиттің/ көлемі: 48/2

Теория: 48 с.

Курс: 2

Оқу семестрі: 3

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-53

Силлабус

16 беттің 2 беті

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.


Оқытушы: А.Қ. Темірбекова

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» 3,6 жыл


«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев


«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С. Рахманова

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53	
Силлабус	16 беттің 3 беті	

Оқытушылар туралы мәліметтер:

№	Аты-жөні	Дәрежесі	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Сатаев А.Т	Педагогика ғылымының магистрі	Кафедра меңгерушісі	Қазақстан тарихы, саясаттану, әлеуметтану	aman-aman1976@mail.ru
2	Темірбекова А.Қ.	Педагогика ғылымының магистрі	оқытушы	Қазақстан тарихы, философия және мәдениеттану	aigul.aigul.1@mail.ru

3.1.Кіріспе

Қазақстан тарихы - бүкіл адамзат тарихының бөлігі, ол дүниежүзілік тарих, Еуразия және Орталық Азия елдерінің тарихымен органикалық түрде тоғысады.

Әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан тарихы пәні Отан тарихының түйінді мәселелерін ашып көрсетуге, және тарихи объективтілік, нақтылық және деректілік негізінде тарихи оқиғаларды салыстырып оған баға бере білуге, бұрынғы өткен және қазіргі фактілерді талдауға мүмкіндік беруде үлкен роль атқаруы тиіс.

3.2.Пәннің саясаты:

- Білім алушыларға қойылатын талаптар:
- Себепсіз сабақтарды жібермеу;
- Сырт келбеті жинақы, ұқыптылық;
- Жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- Теориялық сабақтарда белсенділік көрсету;
- Сабақтарға дайындықпен келу;
- Сабақтарға кешікпеу;
- Сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- Кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Өртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

Білім алушылар аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Білім алушылар ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді.

3.3.Пәннің мақсаты:

Тарих пен қоғамдық ойдың жаңа табыстарының негізінде еліміздің бүгінгі күнге дейінгі өткен тарихи оқиғаларын меңгерту арқылы бүгінгі заман талабына сай білім алушылардың ұлттық сана сезімін арттыру.

Қазақстан Республикасының әлем мойындаған жетістіктерін, стратегиялық міндеттерін меңгертіп, өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық көзқарасын қалыптастыру.

3.4. Оқытудың міндеттері:

- адамзат қоғамының даму тарихы туралы білімін қалыптастыру;
- тарихи деректермен жұмыс жасай білу және меңгерген білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырып, оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы ой елегінен өткізуге дағдыландыру және оған өзіндік көзқарастарын білдіру;
- отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық көзқарастарын қалыптастыру;

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	Силлабус	044-73/11-53 16 беттің 4 беті

-еліне қызмет етуге дайын отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Құзыреттіліктер:

БК-1 Оқыту

БК-2 Кәсіби шеберлік

1. Мемлекет тарихы саласындағы белсенді оқуға деген өзінің қажеттілігін анықтайды.
2. Рухани құндылықтар мен адамгершілік құлықтық ізгілік ережелер жиынтығын танып түсініп негізге алады.
3. Қазақстан тарихының дүниежүзілік тарихтағы рөлі мен орнын сыни тұрғыдан біледі.
4. Әр түрлі сәттердегі қиындықтың шешімін таба біліп, білім деңгейін көтереді.

біледі:

- Қазақстан отаншылдықты қалыптастыратын рухани құндылықтардың нормаларын;
- Қазақстан Республикасының тарихына, мәдени мұраларына және құқықтық тәртіпке құрметпен қарауды;
- Қазақстандағы көпұлттылықтың себептерін, түрлі тарихи кезеңдердегі ұлтаралық қатынас саясатының және демографиялық жағдайлардың мәнін ашып көрсете алуды;

меңгереді:

- азамат ретіндегі белсенділігін және төзімділікті қалыптастыратын құндылықтар мен нормаларды сараптау;
- мемлекеттік және ана тілін меңгеру, Қазақстан мемлекетінің аумағында тұратын халықтардың, басқа да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін салыстырмалы түрде қарастыра отырып құрметпен қарау;
- жеке азамат ретінде қоғамдағы құбылыстарға сын көзбен қарап белсенді көзқарас білдіру;
- азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет ету;

дағды қалыптастырады:

- тарихтың әртүрлі даму кезеңдеріндегі нормалар мен жалпы адамилық құндылықтарды саралай білу;
- әлеуметтік ортаның ерекшелігін, діни ағымдарды, идеологияны дұрыс бағытта қабылдап құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білу;
- елді дамытудағы қысқа және ұзақ мерзімдік бағдарламаларын талдай білу;
- қазіргі Қазақстандағы орын алған қиындықтар мен келеңсіз мәселелерге сай өз пікірін білдіру;

күзиретті:

- жалпы адамзаттық құндылықтар мен нормаларды сараптап талдауға;
- қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаны талдауға;
- мерзімді баспасөз материалдарын күнделікті оқу үрдісінде пайдалана білуді меңгеруге;

3.6. Реквизитке дейінгі: Дүниежүзілік тарихы, құқық негіздері, география.

3.7. Реквизиттен кейінгі: Философия, әлеуметтану және саясаттану, мәдениеттану.

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуір. Адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы. Археологиялық және антропологиялық дәуірлер. Палеолит дәуіріне сипаттама. Тас ғасырының хронологиялық кезеңдері. Палеолит және мезолит дәуірлеріндегі шаруашылық, мәдениет және тұрмыс-тіршілік.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53
Силлабус	16 беттің 5 беті

Қола дәуіріне сипаттама. Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдері). Орталық Қазақстан - ертедегі металлургия орталығы. Қола дәуіріндегі Шығыс, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу, Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік. Қола дәуіріндегі қоныстар, обалар және жерлеу дәстүрі. Қола дәуіріндегі әлеуметтік дифференциация.

Темір дәуірінің ерекшеліктері. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы, тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер. Қазақстандағы ерте темір дәуіріндегі сақ тайпалары (хаомаварга, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б), сармат тайпалары. Шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі. Әлеуметтік құрылымы және идеологиясы. Скиф ұштағаны (триадасы), «Аң стилі».

Көне түркілер, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы). Батыс және Шығыс түрік қағанаттары.

Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы. Экономикалық, сауда, мәдени байланыстары.

Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара байланысы. Қала-дала байланыстары. Қалалар-көшпелі және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір. Жібек жолы - ынтымақтастық жолы. Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы.

Моңғолдардың Қазақстанға басып кіруі, жаулап алуы. Отырардың күйреуі. Ұлыстық жүйе. Моңғол шапқыншылығының зардаптары. Жошы-Қыпшақ ұлысы державасы (Алтын Орда). Қазақстан Алтын Орда құрамында. Аумағы және рулық құрамы, ішкі және сыртқы саяси тарихы.

Ақ Орда. Ноғай Ордасы (Маңғыт жұрты). Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы). Дешті – Қыпшақ. Мемлекеттердің саяси тарихы, әлеуметтік құрылысы, шаруашылығы.

Қазақ хандығының нығаюы. Қасым хан саясаты. Хакназар хан-қазақ-қырғыз ханы. Есім ханның ескі жолы. Тәуке хан саясаты.

XVII ғ. қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың Қазақстан жеріне басып кіруі. Қазақ халқының XVII-XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары». Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрестері: Бұланты, Аңырақай шайқастары. Жоңғар шапқыншылығын жеңіспен аяқтаудың тарихи маңызы.

Әбілқайыр ханның саясаты. А.И.Тевкелев елшілігі. Кіші жүздің Ресейге өтуі. Қазақ-орыс сауда байланыстары. Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты. Қатынастар саласындағы басымдықтары. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар: халықаралық және аймақтық қауіпсіздік, мемлекеттің аумақтық тұтастығы және егемендігі.

XIX ғ. I жартысындағы патшалық Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. 1882 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы», 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы». Хандық биліктің жойылуы. Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары. 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелер». 1886, 1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер». Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары-әкімшілік аймақты басқарудағы жергілікті биліктің әлсіреуі. Генерал-губернаторлықтар.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53
Силлабус	16 беттің 6 беті

Реформалардың отарлық мәні. Тұрғындардан өлкенің шұрайлы жерлерін тартып алуы, казак әскері мен орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. Қазақстанға ХІХ ғ. ІІ жарт. Ресейлік және ХХ ғ. басында шетелдік капиталдың ене бастауы. Тау кен өндірісі. Темір жол құрылысы. Капиталистік қатынастардың дамуы.

С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің (1783-1797 ж). Игельстром реформасы. Сырым Датұлы - көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, кезеңдері және оқиғалары, жеңілу себебі және қорытындылары. Тарихи маңызы.

К. Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847). Ұлт-азаттық қозғалыстың алғышарттары және себептері. Кенесары хандығы. Көтерілістің негізгі оқиғалары, патша өкіметінің көтерілісті басып-жаншуға жасаған әрекеттері, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері, Кенесары Қасымұлы бастаған халық - азаттық қозғалысының тарихи маңызы.

1916 жылғы көтерілістің алғышарттары, себептері, көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері. Көтерілістің көрнекті басшылары - Әбдіғафар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы және т.б. Көтерілістің барысы, оның негізгі ошақтары. Көтерілістің жеңілу себептері, зардаптары. Патша өкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары, көтерілістің тарихи маңызы.

Ақпан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Қос өкімет. Қазан төңкерісі. Кеңес өкіметінің орнауы. «Ақ және қызыл террор». Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері. ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар. «Үш жүз», «Ислам жолындағы кеңес» (Шуро-и-Ислам). «Алаш» партиясы және олардың қызметі.

Шетелдік интервенция және Азамат соғысы. Қазақ өлкесіндегі майдандар. «Әскери коммунизм» саясаты. Кеңес үкіметінің күш көрсету шаралары (азық-түлік салғырты, еңбек міндеткерлігі, азық-түлікті реквизициялау т.б.). Жер мен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік меншікке алу, «әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары.

Түркісіб темір жол магистралы. Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асырудағы туындаған қиындақтар, жетістіктер. Қазақстан жұмысшы тобының қалыптасуы, өнеркәсіп саласының озаттары мен жаңашылдары.

Ұжымдастыру. Қазақстандағы ауылшаруашылығын құрудың Голощекиндік үлгісі. Көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру (седентаризация). Ф.И.Голощекин және «Кіші Қазан». Қазақ зиялы қауымының «Кіші қазан» саясатына қарсы күресі.

Экономиканың әскери жағдайға өтуі. Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі. Соғыс жылдарындағы құрылыстар. Женіс қоры. Соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз ету шаралары.

Ерлік көрсетуші дивизиялар. Б.Момышұлының сұрапыл жылдар туралы естеліктері. Қазақстандықтар - Совет Одағының қаһарман батырлары. Қазақстандықтардың ұлы Жеңіске қосқан үлестері. Қазақтардың партизан қозғалыстарына қатысуы. Соғыстан кейінгі жылдардағы бейбіт құрылысқа көшу. Екінші дүниежүзілік соғыстың халық санына тигізген әсері. Қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру бесжылдығы.

Республикадағы қоғамдық – саяси өмір. «Жылымық» жылдары. Н.Хрущевтің аграрлық саясаттағы «жаңа бағыты» және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы. Тың және тынайған жерлерді игеру (1954-1956 ж.) Тың игерудің экономикалық, экологиялық салдары. Индустриялық даму. Тың жерлерді игерудің Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсері.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53
Силлабус	16 беттің 7 беті

60-шы жылдардағы шаруашылық реформалары және олардың тағдыры. Д.А. Қонаевтың қызметі. 1960-1980 жылдар арасындағы өнеркәсіптің дамуы. Жоспарлы экономиканың зардаптары. Арал қасіреті.

М.С. Горбачев саясатының ұрандары. Алматыдағы 1986 ж. желтоқсан көтерілісі және оның себептері, зардаптары. тарихи маңызы. Желтоқсан көтерілісінің батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалар). «Невада-Семей» қозғалысы. 1989 жылғы маусымдағы Жаңаөзен қаласындағы наразылық.

Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясат. Қазақстан-дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі. Елбасының “Еуропаға жол” бағдарламасы.

2006-2010 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары. Жаңа экономикалық саяси бағыт “Нұрлы жол” - 30 дамыған ел қатарына кіру қадамы. Қазақ елінің Ұлттық идеясы –“Мәңгілік Ел”. Елбасының “Тәуелсіздік толғауы”. Қазақстан Ортаазиялық кеңістіктегі Еуропаланған модернизацияланған ел.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы”, “Тіл туралы” заңдарының қабылдануы. “Болашақ” мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Қазақстан Республикасындағы “Мәдени мұра 2004-2006” бағдарламасы.

3.9.3. Пәннің тақырыптық жоспары:

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Тарих ғылым және пән ретінде. Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан. Қола дәуіріндегі Қазақстан	Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуір. Адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы. Археологиялық және антропологиялық дәуірлер. Палеолит дәуіріне сипаттама. Тас ғасырының хронологиялық кезеңдері. Палеолит және мезолит дәуірлеріндегі шаруашылық, мәдениет және тұрмыс-тіршілік. Қола дәуіріне сипаттама. Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдері). Орталық Қазақстан-ертедегі металлургия орталығы. Қола дәуіріндегі Шығыс, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу, Беғазы-Дәндібай мәдениеті өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік. Қола дәуіріндегі қоныстар, обалар және жерлеу дәстүрі. Қола дәуіріндегі әлеуметтік дифференциация.	2
2	Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер.	Темір дәуірінің ерекшеліктері Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы: тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер. Қазақстандағы ерте темір дәуіріндегі сақ тайпалары. (хаомаварга, тиграхауда, парадарйя, аримаспылар және т.б), сармат тайпалары. Шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі. Әлеуметтік құрылымы және идеологиясы. Скиф ұштағаны (триадасы), «Аң стилі».	2
3	Көне түркілер. Түрік қағанаттары Түркеш, Қарлұқ. Оғыз, Қимақ қағанаттары.	Көне түркілер, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы). Батыс және Шығыс түрік қағанаттары Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ мемлекеттерінің саяс тарихы, жорықтары, этникалық құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы.	2
4	Қарахан мемлекеті,	Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық	2

	Қарақытайлар. Қыпшақ мемлекеті, Наймандар, Керейлер.	құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы. Экономикалық, сауда, мәдени байланыстары.	
5	Көшпелі рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары.	Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара байланысы. Қала-дала байланыстары. Қалалар-көшпелі және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір. Жібек жолы-ынтымақтастық жолы. Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы. Халық ауыз әдебиеті, ақындар мен жыраулар (Асан-қайғы, Қазтуған, Сыпыра, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар жыраулар), эпикалық жырлар; музыка өнері, қолданбалы өнер, ұлттық салт- дәстүрлер.	2
	Қазақстан даласы Моңғол шапқыншылығы дәуірінде.	Моңғолдардың Қазақстанға басып кіруі, жаулап алуы. Отырардың күйреуі. Ұлыстық жүйе. Моңғол шапқыншылығының зардаптары.	
6	Қазақстан Алтын Орда құрамында	Жошы-Қыпшақ ұлысы державасы (Алтын Орда) Қазақстан Алтын Орда құрамында. Аумағы және рулық құрамы, ішкі және сыртқы саяси тарихы.	2
7	XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.	Ақ Орда. Ноғай Ордасы (Маңғыт жұрты). Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы). Дешті – Қыпшақ. Мемлекеттердің саяси тарихы, әлеуметтік құрылысы шаруашылығы.	2
8	Қазақ халқының қалыптасу тарихы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы. Қазақ хандары хронологиясы.	Қазақ халқының қалыптасу тарихы. «Этнос», «этногенез» ұғымдарының мазмұны. Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақ жүздері, ру- тайпалық құрамы. «Қазақ» этнонимі. Тарихи деректер. Қазақ халқының антрологиялық және тілдік сипаты. Қазақ хандығының нығаюы. Қасым хан саясаты. Хақназар хан-қазақ-қырғыз ханы. Есім ханның ескі жолы. Тәуке хан саясаты.	2
9	XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы.	XVII ғ. қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың қазақстан жеріне басып кіруі. Қазақ халқының XVII- XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары». Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрестері: Бұланты, Аңырақай шайқастары. Жоңғар шапқыншылығын жеңіспен аяқтаудың тарихи маңызы.	2
10	Қазақ өлкесінің XVIII ғасырдағы саяси- экономикалық дамуы.	Әбілқайыр ханның саясаты. А.И.Тевкелев елшілігі. Кіші жүздің Ресейге өтуі. Қазақ-орыс сауда байланыстары. Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты. Қатынастар саласындағы басымдықтары. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар: халықаралық және аймақтық қауіпсіздік, мемлекеттің аумақтық тұтастығы және егемендігі.	2

11	Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.	XIX ғ. I жартысындағы патшалық Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. 1882 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы», 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы». Хандық биліктің жойылуы. Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары.	1
	№ 1. Аралық бақылау	1-11 тақырыптар бойынша жазбаша бақылау жұмысы алынады.	1
12	XIX ғасырдың II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары.	1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелер», 1886, 1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер» Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары. Әкімшілік аймақты басқарудағы жергілікті биліктің әлсіреуі. Генерал-губернаторлықтар. Реформалардың отарлық мәні. Тұрғындардан өлкенің шұрайлы жерлерін тартып алуы, казак әскері мен орыс шаруаларының Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. Қазақстанға XIX ғ. II жарт. Ресейлік және XX ғ. басында шетелдік капиталдың ене бастауы. Тау кен өндірісі. Темір жол құрылысы. Капиталистік қатынастардың дамуы.	2
13	XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс. С. Датұлы көтерілісі. (1783-1797 жж.)	С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1783-1797 ж). Игельстром реформасы. С. Датұлы-көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, кезеңдері және оқиғалары, жеңілу себебі, қорытындылары. Тарихи маңызы.	2
14	XIX ғ. К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. (1837-1847 жж.)	К. Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс (1837-1847). Ұлт-азаттық көтерілістің алғышарттары және себептері. Кенесары хандығы. Көтерілістің негізгі оқиғалары, патша өкіметінің көтерілісті басып-жаншуға жасаған әрекеттері, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері, Кенесары Қасымұлы бастаған халық - азаттық қозғалысының тарихи маңызы.	2
15	1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс	1916 жылғы көтерілістің алғышарттары, себептері, көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері. Көтерілістің көрнекті басшылары - Әбдіғафар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы және т.б. Көтерілістің барысы, оның негізгі ошақтары. Көтерілістің жеңілу себептері, зардаптары. Патша өкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары, көтерілістің тарихи маңызы.	2
16	1917 жылғы төңкерістер.	Ақпан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Қос өкімет. Қазан төңкерісі. Кеңес өкіметінің орнауы. «Ақ	2

	Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы. Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері.	және қызыл террор». Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар. «Үш жүз», «Ислам жолындағы кеңес» (Шуро-и-Ислам). «Алаш» партиясы және оның қызметі.	
17	Азамат соғысы. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты. Қазақ АКСР-нің құрылуы.	Шетелдік интервенция және азамат соғысы. Қазақ өлкесіндегі майдандар. «Әскери коммунизм» саясаты. Кеңес үкіметінің күш көрсету шаралары (азық-түлік салғырты, еңбек міндеткерлігі, азық-түлікті реквизициялау т.б.). Жер мен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік меншікке алу, «әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары.	2
18	Қазақстандағы индустрияландыру бағыты. Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.	Қазақстандағы индустрияландыру бағыты. Ұжымдастыру. Қазақстандағы ауылшаруашылығын құрудың Голощекиндік үлгісі. Көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру (седентаризация). Ф.И.Голощекин және «Кіші Қазан». Қазақ зиялы қауымының «Кіші қазан» саясатына қарсы күресі. Ұжымдастырудың әлеуметтік - экономикалық зардаптары.	2
19	Қазақстан майдан арсеналы. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.	Экономиканың әскери жағдайға өтуі. Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі. Соғыс жылдарындағы құрылыстар. Жеңіс қоры. Соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз ету шаралары. Ерлік көрсетуші дивизиялар. Б.Момышұлының сұрапыл жылдар туралы естеліктері. Қазақстандықтар - Совет Одағының қаһарман батырлары. Қазақстандықтардың ұлы Жеңіске қосқан үлестері. Қазақтардың партизан қозғалыстарына қатысуы.	2
20	1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір. Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.	Республикадағы қоғамдық – саяси өмір «Жылымық» жылдары. Н.Хрущевтің аграрлық саясаттағы «жаңа бағыты» және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы. Тың және тынайған жерлерді игеру (1954-1956 ж.) Тың игерудің экономикалық, экологиялық салдары. Индустриялық даму. Тың жерлерді игерудің Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсері. Байқоңыр ғарыш аймағы. 60-шы жылдардағы шаруашылық реформалары және олардың тағдыры. Д.А. Қонаевтың қызметі. 1960-1980 жылдар арасындағы өнеркәсіптің дамуы. Жоспарлы экономиканың зардаптары. Арал қасіреті.	2
21	Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде.	М.С. Горбачев саясатының ұрандары. Алматыдағы 1986 ж. Желтоқсан көтерілісі және оның себептері, зардаптары, тарихи маңызы. Желтоқсан көтерілісінің	2

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53
Силлабус	16 беттің 11 беті

		батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалар). «Невада-Семей» қозғалысы. 1989 жылғы маусымдағы Жаңаөзен қаласындағы наразылық.	
22	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.	Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясат. Қазақстан - дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі. Елбасының “Еуропаға жол” бағдарламасы.	2
23	Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты.	2006-2010 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары. Жаңа экономикалық саяси бағыт “Нұрлы жол” - 30 дамыған ел қатарына кіру қадамы. Қазақ елінің Ұлттық идеясы – “Мәңгілік Ел”. Елбасының “Тәуелсіздік толғауы”. Қазақстан Ортаазиялық кеңістіктегі еуропаланған модернизацияланған ел.	1
	№2 Аралық бақылау	13-24 тақырыптар бойынша жазбаша бақылау жұмысы алынады.	1
24	Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті.	Қазақстан Республикасының “Білім туралы”, “Тіл туралы” заңдарының қабылдануы. “Болашақ” мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Қазақстан Республикасындағы “Мәдени мұра 2004-2006” бағдарламасы.	2
	Жалпы сағат саны:		48

3.10. Әдебиеттер тізімі:

3.10.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с
2. Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, А.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет
3. Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет
4. Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.
5. Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XVІІ ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.
6. Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С
7. Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С
8. Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С
9. Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.
10. Абдурахманов Н.А. Қазақстан тарихы: оқу құралы.- Алматы : Эверо, 2014

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-53
Силлабус	16 беттің 12 беті

3.10.2. Қосымша әдебиеттер:

1. Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с
2. Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.
3. Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. – Алматы
4. Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.
5. Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.
6. Дүкенбаева З. О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.
7. Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.
8. Репина Л. П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е. Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с
9. Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с
10. Глеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С
11. Глеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені / . - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.
12. Глеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

3.10.3. Электронды басылымдар:

1. Тургараева Г. М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г. М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2. Г. Х., Халидуллин, С. К., Игибаев, А. С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3. Баймагамбетов С. З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4. История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273 Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. <https://aknurpress.kz/>
- История Казахстана. Берденова К. А., Турысжанова Р. К., Попова Т. М. , 2019 <https://aknurpress.kz/>
5. [Қазақ елі тарихы. Примбетова Е. У., 2019 https://aknurpress.kz/](https://aknurpress.kz/)
6. Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж. Р., 2015 <https://aknurpress.kz/>
7. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш. К. Ахметова, К. А. Досекеева, Н. С. Бейсембаева, К. Б. Ахатаева, А. С. Алдекен. - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. <http://rmebrk.kz/>
8. Сармурзина, Г. А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г. А. Сармурзина, К. К. Чатыбекова, Г. А. Давлетова. - Алматы: КазНИТУ, 2016. - 123 с. <http://rmebrk.kz/>

9.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б <http://rmebrk.kz/>

10.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. <http://rmebrk.kz/>

11.Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өңд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. <http://elib.kaznu.kz/>

12.Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-гі, Мем. І тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. <http://elib.kaznu.kz/>

13.Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. <http://elib.kaznu.kz/>

14.Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, <http://elib.kaznu.kz/>

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

- **Теориялық сабақтар:** ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс, эссе, реферат, баяндамаларды дайындау, оқулықтар мен қосымша әдебиетпен жұмыс жасау;

3.12. Білім алушының білімдері мен дағдыларын бағалау:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: 1-11,12-24 тақырыптарда жазбаша түрде бақылау жұмысы өткізіледі.

Қорытынды бақылау: тестілеу.

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Тест бойынша алынған емтихан бағасы Платонус ААЖ-ға қойылады.

Қорытынды бақылау: (емтихан) тесте білім алушы жоғарғы (мақ) 40 балл жинауы мүмкін.

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	95-100	95-100%	Өте жақсы
A-	90-94	90-94%	
B+	85-89	85-89%	Жақсы
B	80-84	80-84%	
B-	75-79	75-79%	
C+	70-74	70-74%	Қанағаттанарлық
C	65-69	65-69%	
C-	60-64	60-64%	
D+	55-59	55-59%	

D	50-54	50-54%	
F	25-49	25-49%	Қанағаттанарлықсыз

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады	Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар:	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, ал айда алған білімін тиімді көрсете алмағаны	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін
БҚ 3.1	жағдайды ескере отырып, әртүрлі				

адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	үшін қойылады.	оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.
---	----------------	--	---	--

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тестілеу/ ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, білім алушылардың өздері түзеген қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

Емтиханды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .